

ӘОЖ 02(574)

Л.Н. Оңғарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: LOngarova@bk.ru

ҚР кітапхана саласының дамуы

Аңдатпа. Кітапханаларға қатынас кенет бүкіл әлемде өзгерді. Қазіргі қазақстандық қоғам электрондық үкіметті орнатуда, басқарудың ашықтылығы, азаматтарға ақпарат беру үшін кітапхананың маңызын түсіне бастады.

Түйін сөздер: кітапхана, автоматтандыру, ақпарат қоры.

Қазіргі уақыттағы кітапхана нарығын қарастырсақ, кітапхана саласы дамып кетті деп айта алмаймыз. Бірақ осы уақыт аралығында кітапхана нарығы дифференциацияланып және сегменттеле бастады, белгілі бір адамдарға байланысты бөліне бастады.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанда мемлекеттік және жеке меншік кітапханалар саны көбейе бастады. Кітапхана саласы бойынша инновацияландыру жұмыстары жүргізілуде, мысалы көптеген кітапханаларда электронды кітаптарды қолданады.

Қазақстанның кітапхана саласының дамуын анықтау үшін басқа мемлекеттің кітапханаларымен салыстырып қарастырсақ толығырақ түсінікті болады. Ресей Федерациясында кітапхана саласын дамыту мақсатында мына жүйе жүргізіледі: жазушы – баспа – кітап сатушы оқырман жүйесі арқылы жүзеге асырылуда. Яғни жазушылар белгілі бір сегментке

байланысты баспа шығарылып оқырмандарға жіберіледі.


Қазіргі уақытта кітапханаларда электронды кітаптар, электронды каталог орнату басты міндет болып отыр. Қалалық және ауылдық кітапханаларды осы іске қосу басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасында 01.01.2011 жылғы мәлімет бойынша 11 510 кітапхана республика тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуде. Олардың 7327 (63,7%) ҚР Білім және ғылым министрлігіне, 4081 (35,5%) ҚР Мәдениет министрлігіне, 67 (0,6%) ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне, 35 (0,3%) «Қазақстан теміржолы Ұлттық компаниясы» АҚ-ға қарасты. Астындағы диаграммада көрсетілген.

Кітап қоры – 273 020,9 мың дана

Оқырмандар саны – 8 044,5 мың адам

Кітап берілімі – 200 644,0 мың дана




1-сурет – Қазақстан кітапханаларының жүйесі

Қазіргі таңда кітапханалардың санының өсуіне байланысты кітапханалардың заманауи дамуы ақпараттық технологиялардың енгізілуімен тікелей байланысты.

Республика кітапханаларын автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе мен технологиялар енгізу жұмыстары кеңінен өріс


алып келеді. Бұл ретте әртүрлі бағдарламалар қолдануда. Мысалы, көптеген кітапханалар Қазақстандық «РАБИС» (399 кітапхана), «КАБИС» (39 кітапхана) бағдарламаларын пайдаланса, біразы Ресейлік «ИРБИС» (11 кітапхана), «Кітапхана 4.02-5.02» (44 кітапхана) бағдарламаларын қолданады.



2-сурет – Кітапханаларды автоматтандыру бағдарламалары

2011-2012 жылдары Алматы облысы «Кітапханалық-ақпараттық компьютерлік торап құру» жобасы жүзеге асырылып, облыстық бюджет есебінен 22 кітапхана КАБИС бағдарламасымен жұмыс істей бастады.

2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 453 бірлікке көбейіп 4230-ға жетті. Көшіп-көбейту техникасының (сканер, принтер, ксерокс) саны 3294-ден 3701-ге дейін өскен. Телефондар саны 231 бірлікке өскен. Төмендегі диаграммада көрсетілген.



3-сурет – Жаңа технологиялар саны

Көріп отырғандай, жылдан-жылға кітапхана саласы жаңа технологиялармен қамтамасыз етіліп дамып келеді. Қазіргі заманның дамуына байланысты кітапханаларды автоматтандыру жүзеге асып жатыр.

Ақпараттық қорларды қолдану және дамыту қазіргі уақытта кітапханаларды дамытудың факторлары болып есептелінеді.

Осы мақсатта ҚР Ұлттық кітапханасы 1991 жылдан бастап «Қазақстандық» электрондық база құру инновациялық проектін жүзеге асыруда. Қазақстандағы кітапханаларды ортақтандырылған электрондық қор жасау мақсатында Республикалық Ұлттық 2 кітапхана жұмыс жасауда. Көптеген кітапханалар өздерінің электрондық каталогтарын және ақпараттық қорларын жасап, электронды кітаптармен жұмыс істеуде.

Кітапханалардың электронды жүйемен жұмыс істеуі, кітапханалардың дамуын және бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Кітапхана саласында маркетинг тәсілдерін қолдана отырып, бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы рухани бай ұрпақ тәрбиелей аламыз. Еліміздің салауаттылығын арттыру, ел болашағының дамуының белгісі.

Әдебиеттер

1 Абрамов, К.И. История библиотечного дела в СССР / К.И. Абрамов; 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Книга, 1980. – 351 с.

2 Володин, Б.Ф. Всемирная история библиотек / Б.Ф. Володин. – СПб.: Профессия, 2002. – 352 с.

3 Фонов Г.И. явится всемирная библиотечная система // Библиотека. – 2003. – №2. – С. 9-11.

Л.Н. Оңғарова

Развитие библиотечной отрасли в Республике Казахстан

Отношение к библиотекам резко изменилось во всем мире. Современное казахстанское общество начинает понимать, что библиотеки важны для информирования граждан, прозрачности управления, а также для создания «электронного правительства».

Ключевые слова: библиотека, автоматизация, информационный фонд.

L.N. Ongarova

Development of library branch in the Republic of Kazakhstan

The relation to libraries sharply changed around the world. Modern Kazakhstan society starts to understand that libraries are important for informing of citizens, transparency of management, and also for creation of «the electronic government».

Keywords: library, automation, information fund.